КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

5 наурыз 2026 жыл іс №7119-26-00-2-60 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында
төрағалық етуші судья Н.С.Нурсапинов
сот отырысының хатшысы Т.Ж. Төлеубаев
ашық сот отырысында талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің Бас Әскери клиникалық госпиталі» Республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
"MEDICAL MARKETING GROUP KZ (МЕДИКАЛ МАРКЕТИНГ ГРУПП КЗ)" ЖШС

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
аудармашы Ғабдулжаппар К.Ж., Жұмадуллаева С.
прокурор Аманкараев Е.Е.
талап қоюшының өкілі Арчакова А.
жауапкердің өкілдері Круглов А.А., Таксиди Е.В.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің Бас Әскери клиникалық госпиталі» Республикалық мемлекеттік мекемесі (ары қарай-тапсырыс беруші) және "MEDICAL MARKETING GROUP KZ (МЕДИКАЛ МАРКЕТИНГ ГРУПП КЗ)" ЖШС (ары қарай-Орындаушы) араларында дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы өзге де бұйымдарды сатып алу, оның ішінде медициналық катетер – 95 000 теңге, құрал-саймандар жинағы 581 000 теңге, құрал-саймандар жинағы 1 900 000 теңге (бұдан ары - тауар) жеткізуге 2025 жылғы 30 қыркүйектегі No239 шарты жасалды. Жалпы бағасы 2 581 000

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

теңге. Шарттың 1 Қосымша 10 бағанға сәйкес жеткізу мерзімі қараша айы деп көрсетілген.

Шарттың 8.1 тармағына сәйкес шарттың қолданылу мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін көзделген.

2025 жылғы 15 қазандағы No250242/00/1 қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес, 681 000 теңге сомасына тауар жеткізілді, атап айтқанда 50 медициналық катетер құны 95 000 теңге және медициналық құрал-саймандар жинағы құны 586 000 теңге, тапсырыс берушімен қабылданды, бірақ қалған тауар ол медициналық құрал-саймандар, құны 1 900 000 теңгеге жеткізілмеді.

Осыған сәйкес, тапсырыс беруші 2025 жылғы 1 желтоқсанда орындаушыға Шартты бұзу туралы хабарлама жіберді, кейін 2025 жылғы 17 желтоқсанда шарт бұзылды.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес жауапкердің тауарды жеткізу және/немесе жеткізбеу мерзімдерін бұзғаны үшін айыппұл санкциялары көзделген, талапкер жауапкерден мерзімі өткен және/немесе жеткізілмеген тауар сомасынан кешіктірілген әрбір күн үшін 0,1% мөлшерінде, тұрақсыздық айыппұлдың қалған 9 500 теңге есептелді.

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тануды және 9 500 теңге тұрақсыздық айыппұлды өндіруді сұрады.

Талап қоюшының өкілі талап арызды қолдап, арызды қанағаттандыруды сұрады, қосымша тауар уақытылы жеткізбегеніне байланысты тапсырыс берушіде жағымсыз салдар пайда болды, себебі медициналық құрал-саймандар жинағы болғандықтан жоспарланған емдеу жұмыстары уақытылы атқарылмай, сәтсіздікке ұшырау қаупінде болды. Сондай-ақ, орындаушы тауарды желтоқсан айының басында алса да оны желтоқсан айының 17 жұлдызына дейін жеткізуге толық мүмкіндігі болған, алайда осыған қарамастан, тауарды жеткізуге әрекет жасамады.

Жауапкердің өкілі талап арызбен келіспей, келесіні жеткізді, 2025 жылғы 3 наурызда 9 500 теңге тұрақсыздық айыппұлды тапсырыс берушіге толық төленгенін айтты.

Орындаушы тауардың бір бөлігін, яғни 681 000 теңгеге уақытылы жеткізіп 2025 жылғы 15 қазанда тараптар ол туралы қабылдау актісіне қол қойып тапсырыс беруші қабылдады, ал тауардың қалған бөлігін 1 900 000 теңгеге жеткізе алмады, себебі тауар шетелден АҚШ-тан жеткізілді, осы бойынша 2025 жылғы 26 қарашада олар тапсырыс берушіге хат жіберіп мерзімді 20 желтоқсанға дейін ұзартуды сұрады, 2025 жылғы 3 желтоқсанда тауарды тексеруге уәкілетті мекемеге өтініш берілді, 9 желтоқсанда сәйкестік құжат алынды, ал 2025 жылғы 17 желтоқсанда шарт бұзылды, сонымен тауар қабылданбады, алайда олар шарт орындаудан бас тартпады.

Шарт негізінде жеткізу мерзімі 2025 жылдың қазан айы деп белгіленген, сол себептен тапсырыс беруші 2025 жылдың 31 қазаннан бері шарт тиісті түрде орындалмағанын білді, алайда талап арызбен тек 2025 жылғы 29 желтоқсанда сотқа шағымданды, яғни заңмен белгіленген түпкілікті мерзімді өткізіп алды. Талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Құжатқа қол қойылған: Нұрсапинов Н. С., 06.03.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Прокурор талап арыз ішінара қанағаттандыруға жатады деген қорытынды берді, яғни жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тануды, ал тұрақсыздық айыппұлды өндіруден бас тартуды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 458 бабына сәйкес, тауар жеткізілімінің шарты бойынша кәсіпкер болып табылатын сатушы (тауар беруші) сатып алушыға өзі өндіретін немесе сатып алатын тауарларды кәсіпкерлік қызметке немесе жеке өзіне, отбасына, үй ішіне және сол сияқты өзге де пайдалануға байланысты емес өзге мақсаттарға пайдалану үшін келісілген мерзімде немесе мерзімдерде беруге міндеттенеді.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысының 8 тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады.

Іс құжаттарынан шарт бойынша жалпы сомасы 2 581 000 теңге тұратын тауардың бір бөлігі, яғни 681 000 теңгеге жауапкермен уақытылы жеткізілді, ол бойынша 2025 жылғы 15 қазандағы No250242/00/1 қабылдау-тапсыру актісі қабылданды.

Сонымен қатар, жауапкер тауардың қалған бөлігін, 1 900 000 теңгеге, тапсырыс берушіге жеткізе алмады, сол себептен жауапкер шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін тиісті түрде орындамады.

Орындаушы өз міндеттемелерін тек 26 % орындады, ал қалған 74 % міндеттемесін орындамады.

Шарттың 1 Қосымшасына сәйкес 9 бағанда жоспарланған жеткізу мерзімі қазан айы, ал 10 бағанда келісім шарт бойынша жеткізу мерзімі қараша айы деп көрсетілген.

Осыған сәйкес, Қосымшаның 10 бағанында жеткізу мерзімі қараша айы деп нақты көрсетілген.

Бұдан бөлек, жауапкер 2025 жылғы 30 қыркүйекте және 26 қарашада тапсырыс берушіге жазбаша хаттарында тауарды жеткізу мерзімін шартта 2025 жылғы 30 қарашаға қоюды сұраған және осы мерзімді көрсетіп, жеткізуді жоспарлаған.

Құжатқа қол қойылған: Нұрсапинов Н. С., 06.03.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Осы жағдайды сот отырысында жауапкердің директоры Таксиди Е.В. растады.

Бұл жөнінде, шарт бойынша жеткізу мерзімі қазан айы, тапсырыс беруші түпкілікті мерзімді өткізіп алды деген жауапкер өкілінің уәждері негізсіз және Шартқа сәйкес келмейді.

Сонымен қатар, сот отырысында талап қоюшының өкілі тауарды толық жеткізбеуіне байланысты жағымсыз салдар орын алғанына соттың назарын аударды.

Бұл жөнінде тауар медициналық құрал-сайман болғандықтан, тиісті медициналық көмек науқастарға толық қанды көрсетілмеуіне әкеліп соқты деп көрсетті, демек тауар медициналық құрал болғандықтан оны уақытылы жеткізбеу тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарлардың орын алғанын сот назарға алуы қажет.

Шарт негізінде тауарды жеткізу мерзімі 2025 жылғы 30 қарашада аяқталды.

2025 жылғы 26 қарашада орындаушы тапсырыс берушіге хат жіберіп мерзімді 20 желтоқсанға дейін ұзартуды сұрады.

Алайда, 2025 жылғы 1 желтоқсанда тапсырыс беруші орындаушыға шартты бұзу ниеті туралы хабарландыру жіберді, осымен жауапкер сол күні, яғни 1 желтоқсанда оқып танысты.

Осыдан бөлек, 2025 жылғы 12 желтоқсанда тапсырыс беруші жауапкерге шартты тиісті орындау және тауарды жеткізу туралы қосымша жазбаша хабарлама жіберді.

Сонымен қатар, 2025 жылғы 15 желтоқсанда орындау туралы тағыда хабарлама жіберді, бірақ оған қарамастан, жауапкер өзіне жүктелген міндеттемені толық орындамады.

Осыған сәйкес, 2025 жылғы 17 желтоқсанда орындаушы шартты тиісті түрде орындамағанына байланысты бұзылды.

Жауапкердің 30 қарашадан 17 желтоқсанға дейін шартты орындауға толық мүмкіндігі болғанына қарамастан, міндеттемелерін орындамады, тауарды тапсырыс берушіге жеткізбеді.

Жауапкердің тапсырыс беруші тауарды қабылдамағаны туралы уәждері дәлелсіз, себебі тауарды қабылдамау туралы, немесе тауарды әкеліп бергені туралы жауапкер тарапынан сотқа ешбір дәлелдеме ұсынылмады, тіпті жауапкер сол уақытта тауарды жеткізуге тапсырыс берушіге ұсынысымен немесе тиісті әрекетімен жүгінбеді.

Жауапкердің 2025 жылғы 3 желтоқсанда тауарды тексеруге уәкілетті мекемеге өтініш бергені, кейін 9 желтоқсанда сәйкестік құжат алғандары шартты орындауға ықпал етпеді.

Сонымен бірге, шарттың 10 Тармағына сәйкес жауапкердің уәждері жеткізуші тауарды кеш жеткізіп бергені, келісім-шарттың форс-мажорлық негіздерге жатпайды.

Ол туралы тапсырыс беруші орындаушының хатына тиісті түрде жауабын берді.

Құжатқа қол қойылған: Нұрсапинов Н. С., 06.03.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Келісім-шартты жасасқан кезде тараптар оның талаптарымен толық танысып, өз келісімдерін берді, тауарды уақытылы жеткізуге және міндеттемелерін толық және тиісті орындауға міндеттенді.

Бұл жөніндеде жауапкердің уәждері негізсіз.

Сондай-ақ, жауапкердің мемлекет пайдасына 2022 жылдан бері салық төлеп жатқаны туралы уәждерін қарап, сот оған, мемлекет бюджетке салық төлеу ол Салық кодексі бойынша жауапкердің міндеті болып табылады, сол себептен бұл дауға қатысы жоқ және мемлекеттік сатып алу шарты шеңберінде жауапкершіліктен босатпайды деп шешеді.

2025 жылғы 3 наурыздағы төлем құжатына сәйкес 9 500 теңге тұрақсыздық айыппұлды тапсырыс берушіге жауапкермен толық төленді, сондықтан талап арыз бұл бөлігінде қанағаттандырусыз қалдырылады.

АК-нің 8 бабына сәйкес азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде адал, парасатты және әділ әрекет жасап, заңдардағы талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидаттарын, ал кәсіпкерлер - бұған қоса іскерлік әдептілік ережелерін сақтауға тиіс.

Бұл міндетті шарт арқылы алып тастауға немесе шектеуге болмайды. Азаматтық құқық қатынастарына қатысушылардың адал, парасатты және әділ әрекет жасауы көзделеді.

Ешкім де өзінің теріс пиғылды мінез-құлқымен артықшылық алуға құқылы емес.

Жоғарыда аталғанның негізінде, сот, талап қоюшының талап арызы ішінара қанағаттандыруға жатады деп есептейді.

АПК-нің 109 бабы бойынша жауапкерден мемлекет пайдасына талап арыздың қанағаттандырылған бөлігінде мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің Бас Әскери клиникалық госпиталі» РММ жауапкер "MEDICAL MARKETING GROUP KZ (МЕДИКАЛ МАРКЕТИНГ ГРУПП КЗ)" ЖШС-не мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап арызы ішінара қанағаттандырылсын.

"MEDICAL MARKETING GROUP KZ (МЕДИКАЛ МАРКЕТИНГ ГРУПП КЗ)" ЖШС-не мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып танылсын.

"MEDICAL MARKETING GROUP KZ (МЕДИКАЛ МАРКЕТИНГ ГРУПП КЗ)" ЖШС-нен мемлекет пайдасына 1966 теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің Бас Әскери клиникалық госпиталі» РММ жауапкер "MEDICAL MARKETING GROUP KZ

Құжатқа қол қойылған: Нұрсапинов Н. С., 06.03.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

(МЕДИКАЛ МАРКЕТИНГ ГРУПП КЗ)" ЖШС-не 9 500 (тоғыз мың бес жүз) теңге тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап арызы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Шешімге наразы тұлға және (немесе) прокурор шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Астана қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Н.С.Нурсапинов**

Құжатқа қол қойылған: Нұрсапинов Н. С., 06.03.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство